



Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 қаңтар N 85

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасын мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі 2002 жылғы 1 қыркүйекке Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың бағдарламасын жасасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 85 қаулысымен
мақұлданған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кіріспе

Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының негіз қалаушы қағидаттарына, ел Президентінің Қазақстан халқына "Еркін де тиімді және қауіпсіз қоғамға" К002000_ Жолдауына, "Қазақстан Республикасының коммерциялық емес

ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасының Z010142_ Заңына сүйенеді.

Президенттің Қазақстан Республикасының халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспары қабылданған, онда "II. Қоғамды демократияландыру - уақыт талабы" бөлімінде қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралар көрсетілген, солардың бірі қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік маңызы бар жобаларын мемлекеттік қолдау тетігін әзірлеу болып табылады. Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірін демократияландырудың басым бағыттарының бірі үкіметтік емес секторды дамыту болып табылады. Бүгінгі күні елде азаматтық қоғамның қызмет етуі үшін қажет үкіметтік емес сектордың қалыптасу процесі белсенді жүруде.

Алайда, үкіметтік емес ұйымдардың басым көпшілігі өз міндеттерін жүзеге асыруда қиындықтар көруде. Мұның себебі, көбінесе үкіметтік емес секторды кешенді және мақсатты мемлекеттік қолдаудың болмауы, сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығының тетіктері жеткілікті түрде пысықталмаған.

Қазіргі уақытта, үкіметтік емес ұйымдардың жобаларын қаржыландыруды, негізінен шетелдік грант берушілер жүзеге асыруда. Шетел қорларының гранттық көмегі мемлекеттік емес сектордың қалыптасу процесіне елеулі әсер етті.

Қазіргі уақытта, үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың кешенді мемлекеттік саясатын әзірлеу қажеттігі пісіп жетілді.

Тұжырымдаманы қабылдау құқықтық базаны жетілдіруді, жекелеген нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

1. Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес сектордың дамуының қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстанда тәуелсіздіктің он жылы ішінде қоғамдық бірлестіктерден, қорлардан, мемлекеттік емес коммерциялық емес мекемелерден және басқа да әлеуметтік мәселелермен айналысатын ұйымдардан тұратын мемлекеттік емес сектор қалыптасты.

Қазақстандағы үкіметтік емес сектордың жұмысын талдау республикада мемлекеттік емес ұйымдардың қалыптасу процесінің бірнеше кезеңнен өткенін көрсетеді.

Үкіметтік емес сектордың қалыптасуының бірінші кезеңі 1980 жылдардың аяғынан 1994 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы уақыт ішінде отандық және халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша 400-ден астам үкіметтік емес ұйым ұйымдастырылған. Бұл ретте, олар, негізінен құқық қорғау бағытында болды, бұл Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігінің қалыптасуы кезеңімен және демократиялық қайта құру процесінің басталуынан туындаған еді.

Осы кезеңнің негізгі сипаты үкіметтік емес ұйымдарды құруда жүйеліліктің

болмауы, бей-берекетсіздігі. Сонымен қатар, қаралып отырған кезеңде мемлекет тарабынан үкіметтік емес секторға қатысты жалпы көзқарас пен басымдықтарды әзірлеу процесі жүрді.

Екінші кезең - үкіметтік емес ұйымдардың сапалық және сандық өсуі кезеңі.

Бұл кезең 1994-1997 жылдар уақыт шегін қамтиды. Осы кезеңде үкіметтік емес ұйымдардың саны 400-ден 1600-ге дейін өсті. Үкіметтік емес сектор санының өсуін ғана емес, сондай-ақ қызмет түрлері бойынша сараланып жіктелгенін де атап өту қажет. Үкіметтік емес ұйымдар санының өсуін, бірінші кезекте халықаралық қорлар мен ұйымдардың тарабынан гранттар жүйесі арқылы жаппай қаржылық қолдау көрсетілуімен түсіндіруге болады.

Халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранттық қолдауы, негізінен семинарлар, "дөңгелек үстелдер", тренингтер өткізуге бағытталды, ұйымдық-техникалық, оқыту және әдістемелік сипатта болды.

Сонымен қатар, бұл жылдары үкіметтік емес секторға қатысты мемлекеттің жалпы ұстанымы ғана белгіленді, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясат толық көлемде әзірленген жоқ.

Екінші кезеңді талдау үкіметтік емес ұйымдардың, негізінен гранттар есебінен пайда болғанын, үкіметтік емес ұйымдардың дамуының негізгі орталықтары ірі қалалар, әсіресе Алматы, ал бас қаланың көшірілуімен Астанада үкіметтік емес сектордың белсенді дами бастағанын көрсетеді.

Екінші кезеңнің соңына қарай байқалған үкіметтік емес ұйымдардың өсуі біртіндеп жаңа сапалық күйге өтеді.

Елдің үкіметтік емес секторы қоғамдық процесте өз орнын тапты.

Үшінші кезең 1998 жылдан басталып, қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. Бұл мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылын іске асыру тетігі туралы мәселені нақты қоюымен сипатталатын жаңа сапалық кезең.

Үкіметтік емес сектор санының өсуі, қазіргі уақытта 3500-ге жуық үкіметтік емес ұйымның пайда болуына алып келді. Бүгінгі күні үкіметтік емес секторда 35 мыңға жуық адам - тұрақты негізде, 50 мыңға дейін - уақытша (консультанттар, сарапшылар) және 100 мыңнан астам еріктілер жұмыс істейді.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың дамуын талдау қазіргі уақытта әртүрлі бағыттағы үкіметтік емес ұйымдардың едәуір тұрақты топтары қалыптасқанын көрсетеді: экологиялық - 15%, балалар және жастар ұйымдары - 13,6%, әйелдер ұйымдары - 13,3%, медициналық ұйымдар - 13,1%, мәдениет, өнер, ғылым, білім беру саласында - 12,5%, құқық қорғау - 7,6%, әлеуметтік қорғау жөніндегі ұйымдар - 6,8%, қоғамдық бастамаларды қолдау жөніндегі ұйымдар - 6%, көпсалалы - 4,7%, мүгедектер қоғамдары - 4,4%, мүгедек балаларды сауықтыру жөніндегі ұйымдар - 3%.

Бірінші кезекте, қоғамдық секторды сапалы ұйымдық-практикалық қолдау проблемасы туындайды. Үкіметтік емес ұйымдар үшін халықаралық гранттарды

жаппай бөлу 1998 жылға қарай шектелді әрі төмендей бастады. Мұндай жағдайда үкіметтік емес сектордың мемлекетпен тең құқықты әріптестік қағидатындағы нақты ынтымақтастығы маңызды мәнге ие болуда.

Қазақстанда үкіметтік емес сектор 10 жылғы дамуы кезінде негізінен қалыптасып болды, нақты қоғамдық күшке және елімізді одан әрі демократияландырудың маңызды ресурсына айналды. Мемлекет үкіметтік емес ұйымдарға пәрменді қолдау көрсетуде.

Оның бір айғағы "Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта үкіметтік емес ұйымдардың дамуының әлсіз тұсы коммерциялық емес сектордың аймақтардағы, әсіресе ауылдық жерлердегі, даму деңгейінің біркелкі болмауы болып табылады. Талдау үкіметтік емес сектордың, негізінен ірі облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында жандануын көрсетеді. Үкіметтік емес ұйымдардың небәрі 8% ғана аудандық деңгейде, мұның өзі қоғамдық бастаманы дамытуға мүлде жеткіліксіз.

Тұжырымдаманың қабылдануы үкіметтік емес ұйымдардың жергілікті деңгейде құрылуын жандандырады, халықты жұмысқа орналастыруға оң ықпал етеді, ауылда әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесетін болады.

2. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаты және негізгі міндеттері

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында әлеуметтік саясат жүргізудегі қатынастардың жаңа моделін қалыптастыру, әлеуметтік бағдарланған үкіметтік емес ұйымдарға олармен белсенді ынтымақтастық жасау арқылы тиімді көмек көрсету, оларды әлеуметтік маңызы бар проблемаларын шешуге тарту, үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдық-техникалық қолдау, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы көмек көрсету болып табылады.

Қойылған мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер анықталады:

1) мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы әрі ынтымақтастығының жүйесін жетілдіру;

2) азаматтық бастамалардың өсуі үшін жағдай жасау;

3) әлеуметтік бағдарланған үкіметтік емес ұйымдар бағдарламаларын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар арқылы қаржыландыру;

4) мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылы жөніндегі к е ң е с т е р қ ұ р у ;

5) іс-шараларды (әлеуметтік маңызы бар проблемалар бойынша конференциялар, " дөңгелек үстелдер", семинарлар, тренингтер, мәдени-бұқаралық акциялар және б а с қ а л а р) б і р л е с і п ө т к і з у ;

- 6) Қазақстанның мемлекеттік емес ұйымдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ет у ;
- 7) үкіметтік емес ұйымдарды тіркеу жағдайларын жеңілдету.

3. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаттары мен нысандары

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауды қалыптастыру және іске асыру мәселелеріне көзқарасты әзірлеу мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс:

- 1) заңдылық - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы н о р м а л а р ы н ы ң с а қ т а л у ы ;
- 2) әріптестік - үкіметтік емес ұйымдардың және мемлекеттік органдардың әлеуметтік проблемаларды шешуге, әлеуметтік саясаттың басымдықтарын айқындауға б і р л е с і п қ а т ы с у ы ;
- 3) ашықтық - мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты ұсынуда барлық мүдделі үкіметтік емес ұйымдар үшін әлеуметтік тапсырыстар беруде тараптардың ашықтығы мен ақпаратқа жалпыға бірдей қол жеткізушілігі;
- 4) тең құқықтық - барлық үкіметтік емес ұйымдардың тендерге қатысуға тең қ ұ қ ы қ т ы ғ ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 5) келісімділік - қойылған мақсаттарға қол жеткізу және ортақ қызметті ұйымдастыру тәсілдері жөнінде келісілген шешімдер қабылдау;
- 6) жауапкершілік - тараптардың әлеуметтік тапсырысты орындауға арналып бекітілген мемлекеттік шартты қатаң сақтауы.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау әртүрлі: ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдық-техникалық нысандарда, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жәрдемдесіп, іске асырылуы мүмкін.

Үкіметтік емес ұйымдарды ақпараттық қолдау үкіметтік емес сектордың әлеуметтік маңызды проблемаларды шешудегі қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді, Қазақстандағы үкіметтік емес сектордың дамуы туралы арнайы айдарлар, тақырыптық радио- және телехабарлар жасау, үкіметтік емес ұйымдардың өз бұқаралық ақпарат құралдарын құруына көмек көрсетуді көздейді.

Үкіметтік емес ұйымдарды консультативтік қолдау заңдық және нормативтік кесімдерді түсіндіруден, оларға тіркеу жөнінде шетелдік және отандық грант берушілер жұмысының әдістері мен бағыттары жөнінде ақпарат беруден, мемлекеттік қолдау көрсетілуі туралы мүмкіндігінен, елдегі үкіметтік емес ұйымдар туралы және өзге де ақпарат ұсынудан тұрады.

Әдістемелік қолдау әдістемелік ұсынымдарды, материалдарды, анықтамалықтарды әзірлеумен және басқа да жолдармен жүзеге асырылады.

Ұйымдық-техникалық қолдаудың маңызды бағыттары: үкіметтік емес ұйымдармен

бірге әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге бағытталған "дөңгелек үстелдер", семинарлар, конференциялар, тренингтер, өзге де акцияларды өткізу.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың неғұрлым тиімді және

елеулісі - әлеуметтік тапсырыс нысанындағы мемлекеттік қолдау болуы тиіс.

Әлеуметтік тапсырыстың мәні нақты әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге бағытталған мақсатты әлеуметтік іс-шараларды (акцияларды, бағдарламаларды) әзірлеу және (немесе) іске асыру, сондай-ақ конкурстық негізде республикалық және жергілікті мақсатты бағдарламалардың іс-шараларын орындауға қатысу болып табылады.

4. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауға бағытталған негізгі шаралар

Қойылған мақсат шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай шаралар қабылдайды:

үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік қолдаудың заңнамалық негізін әзірлейді;

Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының құрылымы мен бюджеттік құрылысына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды қалыптастыру мен орналастырудың республикалық және жергілікті деңгейлерін белгілейді.

4.1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың неғұрлым тиімді нысаны ретінде

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауды іске асырудың маңызды кезеңі - заңнамалық негізін әзірлеу болып табылады, онда мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының құқықтық, ұйымдық және өзге де мәселелерінің бүкіл кешенін анықтау маңызды.

Заңда үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауды іске асыру басымдықтарын, қағидаттарын, тетіктерін, тараптардың міндеттерін, деңгейін көрсету қажет. Заң мемлекеттік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге

мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қатысуының құқықтық негізін қамтамасыз е т е д і .

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін қалыптастыру үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың неғұрлым тиімді нысаны болып табылады.

4.2. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың б а ғ д а р л а м а с ы

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың бағдарламасында нақты әлеуметтік маңызы бар бағдарламалар мен іс-шаралар, оларды іске асыру мерзімдері, аяқтау нысандарын, жауапты орындаушыларды көрсету қажет.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасының басымдықтары мемлекеттік емес ұйымдар қызметін жеткілікті түрде табысты жүзеге асырып отырған әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясаттың бағыттарымен айқындалады.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасының басым бағыттары: экологиялық, балалар, жастар, білім беру, әлеуметтік, гендерлік, құқық қорғау, м е д и ц и н а л ы қ б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы тұжырымдамада белгіленген Қазақстан Республикасының үкіметтік емес секторын дамыту проблемаларын тиісті заңнамалық негіз құруды ескере отырып шешу мемлекеттік органдар мен қоғамдық сектор арасындағы әріптестік қатынастардың тұрақты және тиімді жүйесін құруға, сондай-ақ республиканың азаматтық қоғамын д а м ы т у ғ а н е г і з қ а л а й д ы .